

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 28 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2015 жылғы 27 қарашадағы № 117-ө өкіміне өзгеріс енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2017 жылғы 17 мамырдағы № 57-ө өкімі

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 28 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы " Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2015 жылғы 27 қарашадағы № 117-ө өкіміне мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген өкіммен бекітілген "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 28 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Премьер-Министр

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2017 жылғы 17 мамырдағы
№ 57-ө өкіміне
қосымша

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2015 жылғы 27 мамырдағы
№ 117-ө өкімімен
бекітілген

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне халықты әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2015 жылғы 28 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

					Нормативтік құқықтық және құқықтық актілердің сапалы,
			Орындауға жауапты		

Р/с №	Нормативтік құқықтық актінің атауы	Актінің нысаны	мемлекеттік орган	Орындау мерзімі	уақтылы әзірленуіне және енгізілуіне жауапты адам
1	2	3	4	5	6
1	"Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі № 983 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ҰЭМ	2017 жылғы шілде	А. Н. Жұмағұлов
2	"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмекті тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 320 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы	Еңбекмині	2017 жылғы сәуір	С. Қ. Жақыпова
3	"Мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) жиынтық табысын есептеудің ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2009 жылғы 28 шілдедегі № 237-ө бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы	Еңбекмині	2017 жылғы мамыр	С. Қ. Жақыпова
4	"Балалы отбасыларға берілетін мемлекеттік жәрдемақылар туралы" Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру жөніндегі кейбір шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 5 мамырдағы № 319 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы	Еңбекмині	2017 жылғы мамыр	С. Қ. Жақыпова
5	"Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі № 279 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы	Еңбекмині	мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізілімі бекітілген күннен бастап үш ай ішінде	С. Қ. Жақыпова
6	"Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 3 маусымдағы № 445 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы	Еңбекмині	2017 жылғы мамыр	С. Қ. Жақыпова

7	"Кейбір үлгілік құжаттарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2016 жылғы 7 маусымдағы № 482 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы	Еңбекмині	2017 жылғы қараша	С. Қ. Жақыпова
8	"Халықты әлеуметтік қорғау саласында мемлекеттік қызметті көрсету регламенттерін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 мамырдағы № 407 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы	Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің бұйрығы	Еңбекмині	мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттары күшіне енгеннен кейін күнтізбелік 30 күн ішінде	С. Қ. Жақыпова

Ескертпе: аббревиатуралардың толық жазылуы:

Еңбекмині - Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрілігі;

ҰЭМ - Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрілігі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрілігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК